# «Үздік педагог» атты байқау

**Өтілу мерзімі: 2022 жыл 03 наурыз**

**АНЫҚТАМА**

№53 «Ер-Асыл» бебекжай-бакшасынын, педагогтары арасында «Үздік педагог» атты байқауы өтті.

**Мақсаты:** Педагогтардың білімі мен шығармашылығын арттыру мақсатында өткізілген сайыс.





«Үздік  педагог -2022» байқауы

**Мақсаты:**Мамандарды қызметке бейімдей отырып кәсіби біліктіліктерін арттыру,шығармашылық қабілетін жетілдіру.Теория мен тәжірибені ұштастыра отырып кәсіптік құзіреттіліктерін нығайту.Ұжымдық қарым-қатынасқа психологиялық бейімдеу,өзара тәжірибе алмасу.Өз ісін жетік меңгерген,баланың жан-жақты қабілетін толыққанды дамуына қолдау көрсете білетін білікті де,білімді,дарынды,шығармашыл педагогты анықтау.

**Жүргізуші:** Армысыздар құрметті әріптестер,құрметті қонақтар бүгінгі мамандарды қызметке бейімдей отырып,кәсіби біліктерін арттыру,шығармашылық қабілеттерін жетілдіру мақсатында бақша ішілік «Үздік педагог -2022»байқауына қош келдіңіздер.

Бүгін бізде үлкен мереке.Қазіргі қоғам жастардың бойына адами құндылықтарды сүйіспеншілік, мейірімділік,әділдікті сіңіріп тәрбиелеуді көздейді.Рухани тәрбие балалық шақтан бастау алып,адам өмірінің әр кезеңінде дами отырып,нәтижесінде дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуге өріс алады.Ал осы құндылыққа жол ашатын-балабақша педагогтары.

Құрметті көрермендер бүгінгі байқауымыздың ашылу құрметіне бақша тәрбиеленуші қыздарының орындауында

**Би:** «Қос бұрым» биін тамашалаңыздар.

**Осы сөзде қаншама ұлылық бар**

**Жүрегінде маздаған жылылық бар,**

**Ол сен үшін тер төккен бекзат қауым**

**Ұстаздығы сан сырды ұғынып қал.**

**Жүректен өлең төгіп қосқан жырға,**

**Тұлпардай топтан озған жүйірік тұлға.**

**Қошеметтеп қанекей қол соғыңдар**

**Сайысқа қатысушы ұстаздарға**.

Бүгінгі сайысымызға қатысушы педагогтарды ортаға шақырамыз

(Педагогтар ортаға шығады)

1.Қойбағарова Ұлбосын Еркебайқызы «Жауқазын «тобы тәрбиешісі.

2.Сабанбаева Эльмира Сатаевна «Қызғалдақ тобы»тәрбиешісі.

3.Усипбекова Айман Қуанышбайқызы «Раушан» тобы тәрбиешісі

4.Бердиярова Гүлназия Жумалиева «Раушан» тобы тәрбиешісі.

5.Қаржауова Маржан Жандаровна «Бәйшешек»тобы тәрбиешісі.

6.Қалтаева Айткүл Қалдыбаевна «Әсел» тобы тәрбиешісі.

7.Турдалиева Улана Садуахасқызы. Бақша музыка жетекшісі

**Педагогтар өнерін салыстырып,**

**Жеңіс үшін өнерін шабыстырып.**

**Әділдікті қолдайтын баға беріп,**

**Жіберейік қазыларды таныстырып**

Бүгінгі сайысымыздың қазылыр алқасымен таныс болыңыздар.

1.

2.

3.

4.

(Қазылар алқасы таныстырылады)

Сайысымызды ашу үшін сөз бақша басшысы Калибекова Асел Улықбекқызына беріледі.

Өздеріңіздің реттік сандарыңызды анықтау үшін нөмерлерді алуларыңызды өтінемін.

Реттік нөмерлерді анықтап,сайыскерлер шығып кетеді.

**Жүргізуші:** Байқау 5-бөлімнен тұрады.

**I. «Мамандығым- мақтанышым! » -таныстыру.-3мин**

**II. «Білікті бірді,білімді мыңды жығады» (сұрақ-жауап)**

1. **ҚР Зандары нормативтік құжаттар бойынша**
2. **Педагогикалық әдіс-тәсілдер**
3. **Педагогикалық жағдаят**

**III . Эссе (Қорғап айту)**

**IV. Ас мәзірі (Үй тапсырмасы қатысушылар үйден жасап келген ас мәзірленін таныстырып,көрсету)**

**V. «Өнерлінің өрісі кең»(Би,ән,шығармашылық)-- 3мин**

Кімдер жүйрік,

Өнерпаз білейікші

Әділқазы алқасына тек әділдікті,

Ал,қатысушы педагогтерге сәттілік тілейікші!

Ендеше,сайыскерлерімізді таныстыру бөліміне ортаға шақырайық.

Ендеше,сайыскерлерімізді таныстыру бөліміне ортаға шақырайық!

**I- бөлім:** «Мамандығым – мақтанышым!» – таныстыру – 3 мин

(Тәрбиешілер өздерін таныстырады)

**II- бөлім:** «Білікті бірді, білімді мыңды жығады» - сұрақ – жауап

Ал, педагогтер сайысқа қалайсыздар,

Сіздер өтер әліде көп сын бар.

Асығыңыздар ал қоржыннан қымсынбай кеп,

Жауап айтсаң сұраққа жарайсыздар

Келесі сайыс түрін қорғауға кезекпен сұрақтарды алуға ортаға шақырамыз.

Әр билетте 3 сұрақтан , ойлануға 3 мин

**Қойылым :** «Қаламаймын» (қызметкерлердің орындауында)

**III- бөлім**: Эссе (Қорғап айту)

**Ән: «Чинури » ( пародия)** қызметкерлердің орындауында

**IV-бөлім.** Ас мәзірі Қыздарымыздың үйден дайындап жасап келген,дәм тағамдарын тамашалайық.

**Қойылым :**

**V -бөлім** «Өнерлінің өрісі кең »(би,ән,көркем сөз,шығармашылық жұмыс)- 3 мин

Ал,кімнің өнері бар қаншалықты,

Би билеп,ал біреуі ән салыпты,

«Өнерлінің өрісі кең»шартында

Қол соғып,барлығы тамсаныпты.

(Қатысуылар өз өнерлерін көрсетеді )

1. Қойбағарова Ұлбосын Еркебайқызы «Жауқазын М.а.д тобы тәрбиешісі.

**Би:** Сыған биі.

2.Сабанбаева Эльмира Сатаевна «Қызғалдақ» М.а.д тобы тәрбиешісі.

**Мәнерлеп оқу**: А.Құнанбаевтың 24-ші қара сөзі

3.Усипбекова Айман Қуанышбайқызы «Раушан»Ересек тобы тәрбиешісі

**Шығармашылық, сурет салу:** Пейзаж

4.Бердиярова Гүлназия Жумалиева «Раушан» Ересек тобы тәрбиешісі.

**Кәріс биі**: Көктем келбеті.

5.Қаржауова Маржан Жандаровна «Бәйшешек» ортаңғы топ тәрбиешісі.

**Испан биі.**

6.Қалтаева Айткүл Қалдыбаевна «Әсел» ортаңғы топ тәрбиешісі.

**Испан биі.**

7.Турдалиева Улана Садуахасқызы. Бақша музыка жетекшісі

**Ән:** Ана туралы жыр.

**Жүргізші:**

Ұстаз сөзі күн нұрына пара-пар,

Шәкірті оның өз сөзінен нәр алар.

Ізгілік пен мейірімге толы ол,

Шуақ болып жүректерге таралар.

Білімінің айдынында жүзіп өткен,

Ұстаз екен білімнің нәрін сепкен.

Сен арқылы бастау алып,дана ғылым,

Сен арқылы әлемді танып білем- дей келе сайысымызды аяқтаймыз